

**"Газли – Шымкент", "Бұхара газтасымалдаушы ауданы – Ташкент – Бішкек – Алматы" магистральдық газ құбырларының күзет аймағын белгілеу және жерді пайдалану режимін айқындау туралы**

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 21 мамырдағы № 139 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 7 маусымда № 4622 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 118-бабына және 121-бабының 1, 2 және 4-тармақтарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-тармағы 8)-тармақшасына , Қазақстан Республикасының "Магистральдық құбырлар туралы" 2012 жылғы 22 маусымдағы Заңының 14-бабының 1-тармағына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

**1. Күзет аймағы:**

1) "Газли – Шымкент" магистральдық газ құбырының желілік бөлігіне жер учаскелері меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймастан, магистральдық газ құбыры осінің әрбір жағынан 50 метрден, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде құбыр осінің әрбір жағынан 25 метрден осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес;

2) "Бұхара газтасымалдаушы ауданы – Ташкент – Бішкек – Алматы" магистральдық газ құбырының желілік бөлігіне жер учаскелері меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймастан, магистральдық газ құбыры осінің әрбір жағынан 50 метрден, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде құбыр осінің әрбір жағынан 25 метрден осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес;

3) "Газли – Шымкент", "Бұхара газтасымалдаушы ауданы – Ташкент – Бішкек – Алматы" магистральдық газ құбырларының компрессорлық және газ тарату станцияларының, газды жерасты сақтау станцияларының, шығу жер учаскелеріне жер учаскелері меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймастан, аумақтарының шекараларынан барлық жағынан 100 метрден осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Газли – Шымкент", "Бұхара газтасымалдаушы ауданы – Ташкент – Бішкек – Алматы" магистральдық газ құбырларының қорғау аймағындағы жерді пайдалану режимі осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес айқындалсын.

3. "Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы қаулыны мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін Оңтүстік Қазақстан облысында таралатын мерзімді басылымдарға жіберуді;

4) осы қаулыны оны ресми жарияланғаннан кейін Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е.Ә.Садырға жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Ж.Түймебаев

Ә.Ш. Өсербаев

Ә.Е. Тұрғымбеков

Е.Ә.Садыр

Ұ.Сәдібеков

Т.Қ.Сәрсембаев

Е.Қ.Тасжүреков

А.С.Сәбитов

А.Б.Тасыбаев

Оңтүстік Қазақстан облысы  
әкімдігінің 2018 жылғы "21"  
мамырдағы № 139 қаулысына  
I-қосымша

## Оңтүстік Қазақстан облысынан өтетін "Газли-Шымкент" магистральдық газ құбырының желілік бөлігінің күзет аймағы

№	Әкім-шілік - аумақтық бірлік	Күзет аймағының көлемі, гектар	соның ішінде:							
			А у ы л шаруа-шылығы мақсатындағы жерлер, гектар	Елді мекен жер-лері , гектар	Өнер-кәсіп, көлік, байла-ныс, ғарыш қызметі, қорғаныс , ұлттық қауіп-сіздік мұқта-жына арналған жер және ауыл шаруа-шылығына арнал-маған өзге де жерлер	Орман қоры-ның жер-лері	Ерекше қорға-латын табиғи аумақ-тардың сау-ықтыру мақса-тындағы , рекреа-циялық және тарихи-мәдени жерлер	С у қоры-ның жері	Босал-қы жер	Ба ж
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

1	Арыс қа-ласы	184,803	142,3266		0,0487				42,4277	
2	Шым-кент қа-ласы	226,1236	153,2268		1,685	18,0879	0,0566	0,5523	52,515	
3	Шар-дара ауданы	1161,1394	27,0466		4,4655	1045,495	20,3771	4,1552	59,5998	
4	Сары-ағаш ауданы	235,9823	170,8064		1,3055			1,1726		62
5	Қазы-ғұрт ауданы	229,8481	201,2792		2,4828				26,0861	
6	Төле-би ауданы	13,0461	12,8957						0,1504	
7	Сай-рам ауданы	25,2768	14,7143		0,714				9,8485	
Облыс бойынша:		2076,2193	722,2956		10,7015	1063,5829	20,4337	5,8801	253,325	62

Оңтүстік Қазақстан облысы  
әкімдігінің 2018 жылғы "21"  
мамырдағы № 139 қаулысына  
2-қосымша

**Оңтүстік Қазақстан облысынан өтетін "Бухара газтасмалдаушы аудан – Ташкент-Бішкек-Алматы" магистральдық газ құбырының желілік бөлігінің күзет аймағы**

№	Әкімшілік - аумақтық бірлік	Күзет аймағының көлемі, гектар	соның ішінде:							
			Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер, гектар	Елді мекен жерлері, гектар	Өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер	Орман қорының жерлері	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени жерлер	Су қорының жері	Босалқы жер	Басқа жерлер
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Шымкент қаласы	203,9386	158,8104		1,7622			0,8525	42,5135	
2	Мақтарал ауданы	426,0745	347,3053		4,4487	5,9399			66,4922	1,8884
3	Сарыағаш ауданы	861,8346	340,6789	4,3374	8,3455			8,2306	500,2422	
4	Қазығұрт ауданы	322,2449	203,7580		3,3237			2,8947	112,2685	

5	Төлеби ауданы	78,9413	54,9687					23,9726		
6	Сайрам ауданы	210,8575	139,4061		4,8636			0,8575	65,7303	
7	Түлкібас ауданы	593,3881	456,2604		22,1268			2,9571	112,0438	
Облыс бойынша:		2697,2795	1701,1878	4,3374	44,8705	5,9399		15,7924	923,263	1,8884

Оңтүстік Қазақстан облысы  
әкімдігінің 2018 жылғы "21"  
мамырдағы № 139 қаулысына  
3-қосымша

**"Газли – Шымкент", "Бұхара газтасмалдаушы ауданы – Ташкент– Бішкек – Алматы" магистральдық газ құбырларының компрессорлық және газ тарату станцияларының, газды жерасты сақтау станцияларының, шығу жер учаскелерінің күзет аймағы**

№	Әкімшілік- аумақтық бірлік	Күзет аймағының көлемі, гектар	соның ішінде:						
			Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер, гектар	Елді мекен жерлері, гектар	Өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер	Орман қорының жерлері	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени жерлер	Су қорының жері	Босалқы жер
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
<b>Арыс қаласы</b>									
1	"Шалдар" автоматтан-дырылған газ тарату станциясы	36,3043	25,1459		0,1482			0,1237	10,8865
<b>Түркістан қаласы</b>									
2	"Түркістан" автоматтан-дырылған газ тарату станциясы	7,0507	6,5607		0,4900				
<b>Шымкент қаласы</b>									
3	"Шымкент-1" газ тарату	49,2245	28,4385	19,1675	0,3345				
4	"Шымкент-4" газ тарату станциясы	7,2470	6,0956		0,5370				0,6144



22	"Жібек-жолы" газ тарату станциясы	5,2407	1,1115					0,4810	3,6482
23	"Тоболино" газ тарату станциясы	24,2661	12,4965	5,2083	0,4611			0,7380	5,3622
24	"Сарыағаш" газ тарату станциясы	26,8616	26,8616						
25	4 - газдыкомпрес-сорлық станциясы және дожимдік компрессорлық станциясы өндірістік алаңы	29,5988	1,3845	7,3566	14,0770				6,7807
26	"Шығыс күмбезі" жер асты газ сақтау қоймасы	128,3018	62,8347	3,9846	18,1918			6,4919	34,7412
27	"Батыс күмбезі" жер асты газ сақтау қоймасы	159,8480	14,0607	1,5101	34,1938			2,84	107,243
	Барлығы:	459,0921	133,4029	46,3574	68,9951			13,392	196,944
Түлкібас ауданы									
28	"Састөбе" газ тарату станциясы	10,2632	3,9830		0,3275				5,9527
29	"Мичурино" газ тарату станциясы	7,5841	5,5533		0,3564				1,6744
30	"Высокое" газ тарату станциясы	4,9916	2,4840		0,2796				2,2280
	Барлығы:	22,8389	12,0203		096,35				9,8551
Шардара ауданы									
31	"Ұзын-Ата" газ тарату станциясы	5,2915		0,3716				4,9199	
	Облыс бойынша:	848,8533	307,6648	81,0821	89,7186			14,8936	354,192

Оңтүстік Қазақстан облысы  
әкімдігінің 2018 жылғы "21"  
мамырдағы № 139 қаулысына  
4-қосымша

## **"Газли – Шымкент", "Бұхара газтасмалдаушы ауданы – Ташкент – Бішкек – Алматы" магистральдық газ құбырларының қорғау аймағындағы жерді пайдалану режимі**

"Газли – Шымкент", "Бұхара газтасмалдаушы ауданы – Ташкент – Бішкек – Алматы" магистральдық газ құбырларының қорғау аймақтарының шегінде:

1) өткелдерді, кара жолдарды және магистральдық құбыр трассасы мен оның күзет аймағын өзге де уақытша немесе тұрақты көлікпен кесіп өтудің орналасу орындарын,

салу, жайластыру және пайдалану тәртібін магистральдық құбырдың меншік иесімен келіспей, орнатуға;

2) бағбандыққа және орман өсіруге, сондай-ақ жер жырту тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын далалық ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін агротехникалық жұмыстар кешенінен басқа, магистральдық құбырдың меншік иесімен келісілмеген кез келген жұмысты орындауға;

3) магистральдық құбырдың меншік иесі не оператор жайластырған, магистральдық құбырға қызмет көрсету мен оның физикалық қорғалуын қамтамасыз етуге арналған жолдарды рекультивациялауға, сондай-ақ магистральдық құбырда өртке қарсы және күзет функцияларын орындайтын қызметкерлердің осы жолдармен қозғалысына, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, кедергі келтіруге;

4) кез келген құрылыстар мен ғимараттар салуға;

5) автомобиль көлігі құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға;

6) мелиоративтік жер жұмыстарын жүргізуге, суару және құрғату жүйелерін салуға;

7) магистральдық құбырдың меншік иесінің келісімінсіз тау-кен, құрылыс салу, монтаждау және жару жұмыстарын жүргізуге, жерді тегістеуге;

8) ұңғымалар, тікқазбалар орнатуға және топырақ сынамаларын (топырақ үлгілерінен басқа) алуға байланысты геологиялық түсіру, іздеу, геодезиялық және басқа да іздестіру жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.